Түркістан облысы
Шардара ауданы
Шардара қаласы

***«Бекітемін»***
***«Шардара» мектеп- лицей директоры: Л.Ө.Құлмаханбет***

***Тақырыбы: «Қауіпсіз балалық шақ - заң мен тәртіп»***

***Алдын –алу,ағарту жұмысы***

***Педагог – психолог: Жумабаева Ф.З***

***2026-2027 оқу жылы***

Scanned with CamScanner

**«ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»**

**Педагог-психологтың баяндамасы**

Құрметті ұстаздар, қадірлі ата-аналар және оқушылар!

Бүгінгі біздің бас қосуымыздың негізгі мақсаты – жас ұрпақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтық сауаттылығын арттыру және балалар арасында өзара сыйластық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру.

**Қауіпсіз балалық шақ – әр баланың басты құқығы.** Бала өзін мектепте де, үйде де, достарының арасында да қауіпсіз әрі еркін сезінуі керек. Қауіпсіз орта дегеніміз – тек сыртқы қауіптен қорғану емес. Ол – баланың ойын ашық айта алатын, көмек сұраудан қорықпайтын, өзіне деген құрметті сезінетін психологиялық жайлы орта.

Қазіргі таңда балалар мен жасөспірімдер түрлі әлеуметтік және психологиялық жағдайларға тап болуы мүмкін. Құрдастар арасындағы түсініспеушілік, буллинг, кибербуллинг, әлеуметтік желідегі жағымсыз әсерлер, жанжалдар мен құқық бұзушылықтар – мұның барлығы баланың көңіл күйі мен психологиялық жағдайына әсер етеді.

Сондықтан әрбір оқушы **өз құқығын ғана емес, өз міндетін де білуі қажет.**

Заң мен тәртіпті сақтау – қорқыныштан немесе жазадан сақтану емес. Бұл – өз әрекетіңнің салдарын түсіну, өзгеге құрметпен қарау және қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну.

**Оқушыларға айтарым:**

Егер сізді біреу қорқытып, қорлап, кемсітіп немесе қысым көрсетсе – **үндемей қалмаңыз.**
Егер қандай да бір жағдай сізді алаңдатса – **сенімді ересек адамнан көмек сұраңыз.**
Егер әлеуметтік желіде сізге қауіп төндіретін хабарлама немесе ұсыныс келсе – **оны елемей, ата-анаңызға немесе мұғалімге хабарлаңыз.**

Көмек сұрау – әлсіздік емес. Керісінше, бұл – өз қауіпсіздігіңізге жауапкершілікпен қараудың белгісі.

Сонымен қатар әр оқушы өз сөзі мен ісіне жауап бере білуі керек. Біреуді мазақ ету, қорлау, әдейі ренжіту, төбелес ұйымдастыру немесе әлеуметтік желіде басқа адамды кемсітетін ақпарат тарату – жай ғана «әзіл» емес. Мұндай әрекеттердің адамға психологиялық зиян келтіруі мүмкін екенін әрқайсымыз түсінуіміз қажет.

**«Заң мен тәртіп» – қауіпсіз қоғамның негізі.** Ал қауіпсіз қоғамды қалыптастыру мектептен, отбасынан және әр баланың өзінен басталады.

Scanned with CamScanner

**Құрметті оқушылар!**

Бір-бірімізді сыйлайық.
Бір-бірімізді тыңдай білейік.
Қиындыққа тап болған досымызды жалғыз қалдырмайық.
Қауіпті жағдайды көргенде бейжай қарамайық.
Өз құқығымызды қорғай отырып, өзгенің құқығын да құрметтейік.

Әр баланың балалық шағы бақытты, алаңсыз және қауіпсіз өтуге тиіс.

Сондықтан **«Қауіпсіз балалық шақ» – баршамызға ортақ жауапкершілік.**

Бала қауіпсіз болса – отбасы тыныш.
Отбасы тыныш болса – қоғам тұрақты.
Ал заң мен тәртіп сақталған жерде **қауіпсіз болашақ қалыптасады.**

Назарларыңызға рақмет!

Scanned with CamScanner

**«Шардара» мектеп-лицейінде 7- сынып оқушыларымен «Қауіпсіз балалық шақ! » жобасы аясында өткізілген жиналыстың ХАТТАМАСЫ №**

**Өткізілген күні:** 14 қазан 2026 жыл
**Өткізілген орны:** мектеп акт залы
**Қатысқандар:** мектеп әкімшілігі,сынып жетекшілер, мектеп инспекторы, мектеп медбикесі.
**Қатысушылар саны:** 127

**Жиналыстың мақсаты:** Оқушылар арасында буллингтің алдын алу, оның түрлері мен салдары туралы түсінік қалыптастыру, оқушылардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, мектепте қауіпсіз әрі қолайлы психологиялық орта қалыптастыру.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Буллингтің алдын алу және оқушылар арасындағы әлімжеттілікке жол бермеу.
2. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері, құқық бұзушылықтың алдын алу.
3. Мектептегі тәртіп, өзара сыйластық және қауіпсіз қарым-қатынас.
4. Буллингтің адам денсаулығына және психологиялық жағдайына әсері.
5. Буллинг жағдайында көмек сұрау және тиісті мамандарға жүгіну тәртібі.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

**1. Мектеп-лицей директоры – Л.Ө.Құлмаханбет.** Мектеп директоры оқушылар арасындағы буллинг мәселесіне тоқталып, мектепте әрбір оқушының қауіпсіздігі мен құқығының қорғалуы маңызды екенін атап өтті. Оқушыларды бір-біріне құрметпен қарауға, өзгелердің ар-намысына тимеуге, кемсітуге, қорқытуға және күш көрсетуге жол бермеуге шақырды. Сонымен қатар мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау және туындаған мәселелерді бейбіт жолмен шешу қажеттігін түсіндірді.

**2. Г.Ш.Сабден - Шардара АПБ-ның ККБ КТИЖ УПИ полиция капитаны - Г.Ш.Сабден.** Мектеп инспекторы буллингтің құқықтық салдары, оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қорқыту, ұрып-соғу, бопсалау, кемсіту, өзгенің ар-намысына тию және әлеуметтік желілер арқылы қорлау әрекеттерінің жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін ескертті. Қандай да бір қысым немесе зорлық-зомбылық жағдайына тап болған оқушының ата-анасына, сынып жетекшісіне, мектеп әкімшілігіне немесе тиісті мамандарға хабарласуы қажеттігін айтты.
**3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Г.Т.Ахатова** Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мектептегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі оқушылар арасында достықты, сыйластықты және өзара түсіністікті қалыптастыру

Scanned with CamScanner

екенін атап өтті. Буллингтің физикалық, психологиялық, сөздік және кибербуллинг түрлеріне тоқталды. Оқушыларды бір-біріне қолдау көрсетуге, жанжалдарды мәдениетті түрде шешуге және буллингке куә болған жағдайда немқұрайлы қалмауға шақырды.

**4. Ф.Жумабаева –педагог-психолог.** Оқушылар арасындағы келіспеушілік пен қақтығыс жағдайларының себептері, олардың алдын алу жолдары және осындай жағдайда дұрыс қолдау көрсету туралы түсіндірме жұмысын жүргізді.Сыныптағы оқушылар арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығын айтып, әр оқушының жеке ерекшеліктерін құрметтеу қажеттігін түсіндірді. Оқушыларға сыныптастарын мазақтамау, лақап ат қоймау, әдейі шеттетпеу, қорқытпау және әлеуметтік желілерде ренжітетін хабарламалар таратпау керектігі ескертілді. Буллинг белгілері байқалған жағдайда сынып жетекшісіне немесе мектеп әкімшілігне дер кезінде хабарлау ұсынылды.

**5. Мектеп медбикесі – К.Игілікова.** Мектеп медбикесі буллингтің оқушы денсаулығына тигізетін кері әсері туралы баяндады. Үнемі қорқыту мен кемсіту оқушының көңіл күйіне, ұйқысына, тәбетіне, оқу үлгеріміне және жалпы психологиялық жағдайына кері әсер етуі мүмкін екенін түсіндірді. Оқушыларға өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау, күйзеліс жағдайында сенімді ересек адамнан көмек сұрау және өзге оқушылардың денсаулығы мен жеке шекарасын құрметтеу қажеттігі айтылды.

**ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:**

1. 7-сынып оқушылары арасында буллингтің алдын алу және түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.
2. Оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтап, бір-біріне құрметпен қарауға, кемсіту мен қорқыту әрекеттеріне жол бермеуге міндеттелсін.
3. Сынып жетекшілері оқушылар арасындағы қарым-қатынасты бақылап, буллинг белгілері анықталған жағдайда мектеп әкімшілігіне уақытылы хабарлассын.
4. Мектеп инспекторы оқушыларға құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастырсын.
5. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары буллингтің алдын алу бағытындағы тәрбие шараларының ұйымдастырылуын қадағаласын.
6. Оқушыларға буллинг немесе қысым көрсету жағдайы туындаған кезде сынып жетекшісіне, мектеп әкімшілігіне, мектеп инспекторына немесе ата-анасына хабарлау қажеттігі түсіндірілсін.

**Жиналыс төрайымы:** **Л.Ө.Құлмаханбет**

**Хатшы:** **Г.Т.Ахатова**

Scanned with CamScanner